«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Ә.Рахымбаева

# «Оқуға құштар мектеп» жобасы

## ЖОБАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:



«... Беделді халықаралық зерттеулердің нәтижелері біздің оқушыларымызда оқу сауаттылығы дағдылары тиісті деңгейде дамымағанын көрсетеді. Сондықтан жоғары оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту қазақстандық мектептердегі білім беру үдерісінің басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Оқуға деген қызығушылық, кітап арқылы қоршаған әлемді тану балаларда мектеп қабырғасынан қалыптасуы керек. Кітапхана осы қызығушылықтың орталығы, кітаптардың қызықты әлеміне жетелейтін орын болуы керек".

*(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 22.10.2020ж. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында сөйлеген сөздерінен)*




Осы маңызды құжаттардың мақсаты Қазақстанда баалардың шығармашылық дамуы үшін «ОҚЫРМАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ» атты белсенді орта құру болып табылады.

Соңғы уақытта ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты балалардың қазіргі ұрпағы кітап оқуға деген сүйіспеншілігі мен әдетін, зияттық және бір-бірімен шығармашылық қарым-қатынас жасау қабілетін жоғалтты. Нәтижесінде балалардың танымдық белсенділігі, кретивті ойлау қабілеті, тілдік және сөйлеу құзыреттілігі, толеранттылығы төмендеп кетті.

Кітап оқу - бұл күрделі интеллектуалды процесс, онсыз өмір бойы оқу мүмкін емес. Кітап оқу - кез-келген ақпаратпен жұмыс істеудің негізі болып табылады: ауызша және жазбаша, дәстүрлі және жаңа электрондық кітап. Кітап оқи отырып, адам уақыт өте келе, өзінің дүниетанымын қалыптастырады, оның әлемге деген көзқарасы тереңдей түседі және кеңейеді. Құндылықтарға деген көзқарасы қайта қаралып, қалыптасады.

Көптеген кітаптар өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге, нәтижелерін арттыруға ынталандырады және шабыттандырады. Сондықтан балаларды ерте жастан бастап өмір бойы жақсы көркемдік талғамға, күн сайын кітаппен «дос» болуға, кітап оқу арқылы білім әлемін шарлауға үйрету өте маңызды. Бұған біздің "Оқуға құштар мектеп" жобамыздың іске асырылуы ықпал етеді.

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

## МІНДЕТТЕРІ:

- ✓ Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың

оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;

- ✓ Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ✓ Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;
- ✓ Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;
- ✓ Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;
- ✓ Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру;

## ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ:

**2020-2025 жылдар**

## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Мектеп кітапханалары жұмысының әдістемесі мен практикасына инновациялық жобалар мен технологиялар апробацияланады және енгізіледі;
- Мұғалімдердің, кітапханашылардың әдістемелік материалдар банкі жинақталады;
- Жұмыс тәжірибесі жинақталады және таратылады;
- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады;
- Мектеп кітапханаларының ақпараттық ресурстарын пайдаланушылар саны артады;
- Балалардың жүйелі, шығармашылық, дамытушылық оқу дағдылары қалыптасады.

***Жоба миссиясы: оқушыларға қызмет  көрсететін мектеп к***
***еңсесін көтеру, дәстүрімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақ***
***байлығын арттыру, бейне жазба арқылы тиімді ақпаратпе***

1

Көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттыру.

ЖОБА МІНДЕТТЕРІ:

наси
ф

3

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуын жетілдіру

4

Бейне жазба арқылы тыңдаушыларды кітап оқуға қызықтыру



***Жобаның өзектілігі: бейнежазбаның көмегімен кіт***
***қызығушылықтарын арттыру,оқу тәжірибесімен алмасу***
***маңыздылығын түсінуге бағытталған***

Білім беру ұйымдарындағы кітапханашылары оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында атаулы күндерге арналған бейне жазба жұмыстарымен бөліседі,көпшілік арасына таратады. Бейнежазба арқылы оқушылар ақын-жазушылардың өмір баянымен,шығармашылығымен танысады.кнн

Аптаның әр сәрсенбісінде Facebook пен Instagram парақшаларында жоспарға сай атаулы күндерге жасалған бейнежазба жүктеледі

Бейне жазбаларды QR-код арқылы көруге болады

# OkugaOkuga kushtar mektep

## жобасының негізгі бағыттары






«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Рахымбаева Ә

## "ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП" ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

| Қ/с | **Жұмыстың тақырыбы** | **Мерзімі** |
|---|---|---|
| 1 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепішілік іс шараға көрме жасау. | 16.09.2023ж |
| 2 | Оқуға құштар мектеп жобасы аясында "кітап оқу" күнін белгілеу. "Ақылды бейсенбі" 20 минут кітап оқу | Апта бойы |
| 3 | **Е-КІТАПХАНА** базасымен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру<br><br>Кітап қорына инвентаризация жүргізу. | Жыл бойы<br>Қазан 2023 |
| | Біз оқыған кітап челленндж 2-4 сынып оқушылары арасында. | 11.11.2023ж |
| 4 | **КІТАПХАНА ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУ:** (Көркем әдебиеттермен толықтыру)<br><br>«Кітапханаға кітап сыйла» акциясын ұйымдастыру. | 25.11.2023ж |
| 5 | «Кітапқа жаңа өмір!» акциясы, операция «Кітап, өмір сүр!» операциясы (кітаптарды жөндеу). Кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | 09.12.2023ж |
| 6 | Демалыста бірге оқиық | 29.12.2023ж |
| | | |
| | | |
| 7 | **COWORKING** бұрышын ұйымдастыру | Желтоқсан |
| | **«Кітапханашы сабағы», «Өзің оқып ,өзің жалғастырсын» Буккроссинг** алаңы | Жыл бойы |
| | **« Мен оқыған ең керемет Кітап!» «Сынып болып оқимыз»** тақырыптарында сынып арасында әр аптада талқылаулар ұйымдастыру. | Апталық іс шаралар |
| | **«Өлеңнің тердім, асылын...», « Мен өмірді жырлау үшін келгенмін»** тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастыру. Мәнерлеп оқу сайысы,жыр,поэзия кештері,байқаулар ұйымдастыру | Оқу жыл бойы |
| | | Оқу жыл бойы |
| | «Бала тілі бал» МАД, 1 сынып оқушыларымен сұхбат. | 12.01.2023ж |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| 8 | Кітапхананың жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру | 17.01.2023ж |
| 9 | Кітапханалық сағат | 20.01.2024ж |
| 10 | READX – оқимын,ойланамын 3-4 сынып аралығында оқыған кітаптарынан үзінді айту. | 26.01.2024ж |
| 11 | "Әдеби тосап" 1-4 сынып аралығында үзілісте кітапханаға келген оқырмандармен ойын | Үнемі |
| 12 | «Мен және менің кітап әлемім»(оқыған кітаптарынан үзінді сурет салу) мектепішілік үздік суретшіні анықтау. | 17.02.2023ж |
| 13 | «Отбасының қызығушылық әлемі» Ең үздік кітап оқитын отбасын анықтау.(эссе жазу) | 10.03.2024ж |
| 14 | **«Бір әлем, бір кітап»** ұстаздар арасында «Ұжымдық оқу» ұйымдастыру (Аудандық тапсырма) | Сәуір |
| 15 | «Кітап оқы рухани бай бол» Халықаралық кітап күніне жаппай мектепішілік кітап оқу сағатын ұйымдастыру. | 29.03.2024ж |
| 16 | Кітапханада қарым-қатынас күндері. «Мен Әлемді кітаппен ашамын" ( оқушылардың каникул күндері) | 4.04.2023ж |
| 17 | REDX – оқимын,ойланамын мектепішілік үздік оқырманды анықтау | 6.04.2024ж |
| 18 | «Жазғы демалысқа жақсы кітаппен» виртуалды көрме жасалып оқушыларға таныстырылады. | 23.05.2024ж |
| 19 | ФейсБук және Инстаграмм парақшаларда жаңалықтар жариялау | Жыл бойы |